



МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының 2026 жылғы 23 ақпандағы №01-03/225 санды шығыс хатына сәйкес

«Балалар кітапханасы» жобасын іске асыру аясында «Кітап оқитын мектеп» атты облыстық сырттай бейнероликтер байқауының аудандық кезеңі 2026 жылдың 2 сәуір күні өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Осыған орай, «Кітап оқитын мектеп» атты сырттай бейнероликтер байқауына қатысу туралы сұраныс пен бейнероликті байқау ережесіне сәйкес 2026 жылдың 27 наурыз күні білім бөліміне алып келулеріңізді сұранады.

Қосымша: 4 парақта

Білім бөлімінің басшының
міндеттерін уақытша атқарушы

Самыл - Б.Самылтыров

Орындаған: Г.Абдиева.
Тел: 87474736727

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы, «Балалар кітапханасы» бағдарламасын
іске асыру аясында өткізілетін аудандық
«Кітап оқитын мектеп» атты сырттай бейнероликтер
байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже аудандық «Кітап оқитын мектеп» байқауының (бұдан әрі-байқау) ұйымдастыру тәртібін, мақсаты мен міндеттерін, өткізілу тәртібі мен уақытын, жұмыстарды бағалау өлшемі және қорытындысын шығаруды анықтайды.
2. Байқау ағымдағы жылдың наурыз- сәуір айында өткізіледі.
3. Байқау «Оқу – табысқа апарар жол!» ұранымен өтеді.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

Кітапхана оқырмандарының кітап оқу арқылы қызығушылығын арттыру, білім беру ұйымдары кітапханаларында кітапханаға келушілер санын ұлғайту. Кітапхана оқырмандарының саны көп білім беру мекемелерін қолдау.

Міндеттері:

- Оқырмандар арасында кітап оқуды белсенді түрде насихаттайтын білім беру мекемелерін анықтау;
- Оқушылардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру, өскелең ұрпақтың шығармашылық және зияткерлік қабілетін дамытуға жағдай жасау;
- Оқушылардың сөздік қорын молайту, кітап оқуға тартудың инновациялық әдістері мен тәсілдерін қолдануға ынталандыру;
- Кітапханашылардың оқырмандардың кітап оқуға тартудың инновациялық әдістері мен тәсілдерін қолдануға ынталандыру;
- Білім беру ұйымдарында кітапхана мамандарының оқырмандарды кітап оқуға тарту жұмыстары бойынша инновациялық тәжірибесін тарату.

Күтілетін нәтиже:

Білім беру ұйымдары кітапханаларында оқушылардың кітап оқу арқылы сөздік қоры, ой өрісі дамиды, әлем әдебиеттері мен көркем әдебиетке деген қызығушылықтары артады. Ең көп кітап оқитын білім беру ұйымдары анықталады.

3. Байқауды өткізу кезеңдері

3.1. Байқау онлайн режимінде үш кезеңде өткізіледі:

1. I мектепішілік кезең—2026 жылдың 26 наурызға дейін;
2. II аудандық кезең – 2026 жылдың 2 сәуірде өткізіледі.
3. III облыстық кезең – 2026 жылдың 28 сәуіріне дейін.

3.2. Байқауға 7-9 сынып оқушылары қатыса алады. (әр мектептен 1 қатысушы).

3.3. Аудандық деңгейде өткізілетін байқауда үздік білім беру мекемесі анықталады.

3.4. Білім мекемелерінің басшыларының қолы қойылған байқауға қатысу туралы өтінім (*№1 қосымша*) 2026 жылдың 27 наурыз күні білім бөлімінің тәрбие орталығы кабинетінде қағаз түрінде қабылданады.

3.5. I орынға ие болған аудандық кезеңнің жеңімпаздары облыстық кезеңге қатысады.

3.6. Байқау талаптарына сәйкес келмейтін жұмыстар қабылданбайды.

4. Байқаудың мазмұны

Байқау төрт номинация бойынша өткізіледі:

4.1. «Кітапханашы-мәртебелі мамандық!» номинациясы бойынша «Мен және менің мамандығым» тақырыбында кітапханашылардың презентациясы (*берілген уақыт-5 минут*).

4.2.«Кітапхана-оқырман елі» номинациясы

- «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру барысындағы өткізілген іс-шаралардың презентациясы (*кітапханалардың талапқа сәйкес безендірілуі, көрмелердің тақырыпқа сай болуы, акциялар, сүйікті кітап беттері бойынша виртуалды ойын-саяхаттар, бейнесабақтар, зерттеу жобаларын т.б. іс-шараларды қорғау*), берілген уақыт-5 минут

- «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Балалар кітапханасы» бағдарламасына ұсынылған 1770, 810 көркем әдебиеттер тізімін насихаттау барысындағы әдістемелік-библиографиялық ұсыныс тізімдері (*кітапхана оқырмандарына дайындаған ақпараттық тізімдер, жадынамалар*).

4.3. «Оқитын мектеп-табысты мектеп» номинациясы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Балалар кітапханасы» бағдарламасына ұсынылған 1770, 810 көркем әдебиеттер тізбесіне сәйкес шығармалардың үзінділерін (1 шығармадан) сахналау (7-9 сынып оқушылары арасында) ұзақтығы 5-6 минуттан аспауы тиіс.

4.4. «Әдеби пост» оқырмандардың оқыған әдебиеттерін жарнамалауы (*мектеп газеттерінде, кітаптарға пікірлер ББ сайтында, Facebook, Instagram желісіндегі пікірлер және т.б.*

Үздік жұмыстарды іріктеу критерийлері:

-білім беру үрдісінің барлық қатысушыларын кітап оқуға тарту дәрежесі;
- кітапхана қызметін ұйымдастыру (тақырыптың толық және терең ашылуы, ақпараттық толыққандығы, сауаттылығы, мағыналық мазмұны, тақырыптың мазмұнына сәйкестігі, жұмыстың тәжірибелік бағыты кітапханашының өзіндік қасиеттері, әдістемелік шеберлік деңгейі, сөйлесу мәдениеті);

- ойын нақты және түсінікті жеткізуі, тақырыпты ашудағы эмоционалдығы, шынайылығы мен ашықтығы;

- кітапхана оқырмандарының шеберлігі, шығармалардың үзінділерін сахналаудағы образы;

- жұмыстың ұсынылған түрлері мен әдістері тиімділігінің деңгейі;

- инновациялығы, ерекшелігі, жасөспірімдерді көркем әдебиет оқуға насихаттаудың әдеттен тыс әдіс-тәсілдері.

5. Байқауды ұйымдастыру және өткізу.

1. Білім беру ұйымдарына байқаудың өткізілуі туралы хат жолданады.

2. Байқау 2026 жылдың 2 сәуір күні өткізіледі.

3. Байқауды ұйымдастыру, өткізу және бірінші және екінші кезең қорытындыларын шығару, жеңімпаздарды марапаттау үшін аудандық ұйымдастыру комитеттері мен қазылар алқасы құрылады.

4. Ұйымдастыру комитеті байқау туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратады, қазылар алқасының жұмысын қамтамасыз етіп, байқау жеңімпаздарын марапаттаудың нысандары мен тәртібін белгілейді.

6. Байқауды қорытындылау

- Қазылар алқасы байқаудың қатысушыларын тыңдайды және жеңімпаздарды анықтайды.

- Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

- Байқаудың жеңімпаздары аудандық білім бөлімінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен, алғыс хаттарымен марапатталып, нәтижесі әлеуметтік желідегі парақшада жарияланады.

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы, «Балалар кітапханасы» бағдарламасын
іске асыру аясында өткізілетін аудандық
«Кітап оқитын мектеп» атты сырттай
бейнероликтер байқауына қатысуға
СҰРАНЫС**

№	Мектептің атауы	Қатысушының толық аты-жөні	Сыныбы	Мектеп кітапханашының толық аты-жөні	Ұялы телефоны